

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

**Жанәлиева Аружан Нұрланқызы, Темірғали Балнұр Серікқызы, Бакаева Айнур
Кайыргалиевна**
ma15_15@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экономика факультетінің студенттері,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Ракаева А.Н.

Соңғы он шақты жылдың ішінде әлемдегі экологиялық жағдайдың нашарлауының әсерінен барша адамзат қатты алаңдауда. Мысал ретінде алатын болсақ, қазіргі таңда озон деңгейінің әлсіреуі, атмосфераның зиянды және қышқыл заттармен улануы, судың әр түрлі химиялық қалдықтардың кесірінен ластануы, жер үсті суларының және топырақтың сарқылуы сияқты көптеген мәселелер туындаған. Осының әсерінен экологиялық аудиттің ролі артып қана қоймай, қоғамның талқылауындағы басты тақырыпқа айналып отыр.

Еліміздегі экологиялық жағдайдың нашарлауының бірден-бір себепкері зауыттар мен фабрикалардың қалдықтары болып табылады. Соңғы деректерге сүйенетін болсақ, Қазақстандағы ластанулардың негізгі үлесі, яғни, 56%-ы Қарағанды және Павлодар облыстарына тиесілі. Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстарының министрі Мағзум Мырзағалиевтың айтуы бойынша елдегі ластаушы заттардың эмиссиясы 2030 жылы 3,6 млн тоннаны құрайды деп есептейді. Ескере кетсек, 2018 жылғы ластаушы заттардың эмиссиясы 2,5 млн тоннаны құраған.[1] Ең өкініштісі, оның көлемі жыл сайын 100 мың тоннаға өсіп келе жатыр. Бұл мәселелерді шешу бойынша бірқатар жұмыстар атқарылуда. Мысалы, 2019 жылдан бастап елде пластик, мақулатура, картон және қағаз қалдықтарын, әйнекті тастауға тыйым салынды. Алайда, іске қосылған механизм жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылмаған, өйткені өңірлерде тиісті инфрақұрылым жоқ. Сонымен қатар, жергілікті экологиялық проблемалар да бар, оларда шешілу үстінде. Жергілікті атқарушы органдар бұл проблемаларды экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар кешенін қабылдау арқылы шешуге тырысуда. Соған қарамастан, республиканың қоршаған ортасын жақсарту үшін ұлттық деңгейде шаралар қажет.

Осылайша, жоғарыда атап өтілген мәселелердің әсерінен экология өте маңызды ролге ие. Біздің экономикамыздағы басымдықтың ресурстарға бағдарлануы және табиғи ресурстардың жетіспеушілігінің артуы үкіметтің осы ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануын бақылауды Қазақстанның тұрақты және үдемелі әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды шарттардың бірі етті. Экологиялық бақылау - экологиялық қызметтің заңды нысаны болып табылады. Табиғат және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қадағалау мемлекеттік бақылаудың біртұтас тетіктерінің ажырамас бөлігі деп айтсақ болады. Экологиялық бақылау – экология және қоршаған орта туралы заңнамалардың сақталуын, сондай-ақ осы салада болып жатқан өзгерістерге сәйкес келетін заңнаманы қалыптастыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

Қазіргі таңдағы салыстырмалы түрде жаңа сала – бұл экологиялық аудит саласы. Экологиялық аудит аудиторлық қызметтің жаңа саласы ретінде экологиялық басқарудың тиімді процесі болып табылады. Аудиттің бұл саласы 70-80 жылдары дами бастады. XX ғасырда ұйымдардың экологиялық заңдары мен ережелерінің талаптарына сәйкестігін

тексеру үшін алғаш рет АҚШ-та қолданылған. 1996 жылдан бастап ISO 14000 халықаралық стандарты қолданыла бастады және сол уақыттан бастап экологиялық аудит заңдардың сақталуын бақылау құралы ғана емес, сонымен қатар профилактикалық сипаттағы экономикалық және құқықтық құралға айналды. Жалпы, шет елдердегі экологиялық аудитті арнайы фирмалар жүргізеді. Олар кәсіпорынның даму тарихынан бастап, оның қызметін жан-жақты зерттей отырып, кәсіпорынның экологиялық жағдайын бағалап, оның қызметіндегі заңнамамен белгіленген стандарттардан ауытқуды анықтайды. Шет елдерде ұйымдар мен кәсіпорындар экологиялық аудиторлардың қызметтеріне жүгінеді. Себебі, олар өздерінің экологиялық жағдайын объективті түрде бағалай алады, нормалардан, яғни қолданыстағы экологиялық заңнаманың немесе халықаралық стандарттардың талаптарынан ауытқуды айқындап және олардың өндірістік-шаруашылық қызметін сәйкестендіру шараларын анықтайды осы талаптарды ескере отырып, нәтижесінде өнім нарығында да, инвестициялық нарықта да олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Әлемдік тәжірибедегі экологиялық аудиттің көмегімен бірқатар міндеттер шешіледі, олардың ішінде: [2]

- табиғатты қорғау шараларының уақтылы орындалуын талдау;
- кәсіпорындағы экологиялық және экономикалық қатынастарды объективті бағалау және талдау

- анықталған қателерді түзету;
- өндірістік қызметті экологиялық тұрғыдан жедел басқару;
- табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен ұтымдылығын бағалау;
- экологиялық менеджменттің проблемаларын анықтау;
- экологиялық тұрғыдан компанияны дамыту бағдарламаларын әзірлеу.

Шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, экологиялық аудит, оның формасына қарамастан, жоғары дамыған басқару құралы ретінде қабылданады және жүзеге асырылады. Сондай-ақ, елдің қаржылық бақылау нысанында да маңызды рөл атқарады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау - қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуын болдырмауға, анықтауға және жолын кесуге, шаруашылық жүргізуші және басқа субъектілердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттарды және нормативтік құжаттарды қоса алғанда, талаптарды, оның ішінде стандарттар мен нормативтік құжаттарды сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесі. Еліміздің қолданыстағы заңнамасына сәйкес, әр ұйым табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды, сонымен қатар ластанған ортаның теріс әсерінен өзін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті, ол персоналдың денсаулығына, өндірістік объектілердің күйіне және технологиялық процестерге қауіпті факторлардың әсерінен көрінуі мүмкін. Сонымен қатар, шикізат пен материалдарды жеткізудегі үзілістер, олардың сапасының нашарлауы өнімдерді адамдар мен қоршаған ортаға қауіпті етіп, ұйым үшін үлкен экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін. Сол себепті, экологиялық аудит кәсіпорындардың экологиялық тиімділігін қамтамасыз етудің құралы бола отырып, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибені талдау кәсіпорындардың немесе басқа экономикалық объектілер туралы экологиялық ақпаратты алу және бағалау, қажетті түзету шараларын әзірлеу және қоршаған ортаны қорғаудың және басқарудың әртүрлі деңгейлерінде шешімдер қабылдау құралы ретінде экологиялық аудит процедураларын мемлекеттердің кең практикалық қолдануын көрсетеді. Коммерциялық банктер қоршаған ортаның әсеріне байланысты олардың қарыз алушыларының несиелері бойынша міндеттемелерін орындамау және банкроттыққа жол бермеу мақсатында экологиялық аудитті қолдана бастады. Қазір көптеген елдер экологиялық аудит саласындағы ұлттық стандарттар мен арнайы заңдарды қабылдады.

Экологиялық аудитті ұйымдастыру және жүргізу тәжірибесін белгілі бір жолмен зерттеу отандық заңнамадағы олқылықтардың орнын толтыруға көмектеседі. Сонымен,

экологиялық аудит туралы арнайы заңды әзірлеу кезінде шет мемлекеттердің (Беларусь, Ресей, Украина) және халықаралық қоғамдастықтың оң тәжірибесін, сонымен қатар өз уақытында өзін дәлелдеген отандық тәжірибені қолдану қажет.

Осы жұмыста жүргізілген зерттеулердің нәтижелері қоршаған ортаны ластайтын кәсіпорындар қоршаған ортаның барлық сегменттеріне зиянды заттардың шығарылуына, климаттың өзгеруіне, сондай-ақ зиянды заттарды тиімсіз пайдалану мен жоюға байланысты жергілікті және ғаламдық деңгейде залал келтіретіндігін көрсетеді. Экологиялық қауіпсіздік пен денсаулық сақтауды төмендетеді. Сондай-ақ, қолда бар әдебиет пен практикаға негізделі отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік актілерді сақтайтын және ISO 14001 стандартын қолданатын кәсіпорындар қоршаған ортаны сақтауға өз үлесін қосады деген қорытынды жасауға болады.[3] Экологиялық аудиторлар өңдеу және сақтау кәсіпорындарының, ықтимал ластаушы заттардың қауіптерін зерттейді. Дамыған елдердегі экологиялық аудиторлардың халықаралық стандарттары мен озық тәжірибесіне негізделген экологиялық аудит технологиялық ескірген объектілермен, жабдықпен, экологиялық инциденттермен және т.б. тиісті түрде жұмыс жасамаумен байланысты және бірінші кезекте топырақ, ауа және жер асты суларының (мысалы, мұнай өңдеу зауыттары) құрамын өзгертуі мүмкін аномалияларды жою үшін түзету шараларын ұсынады. Кәсіпорын үшін экологиялық аудит пен экологиялық менеджмент жүйесінің маңызды артықшылықтары ұйымдық, қаржылық, нарықтық, әлеуметтік және қоғамдық сипатқа ие.[4]

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз Қазақстан Республикасында экологиялық аудитті дамыту орынды деп санаймыз және оның шеңберінде экологиялық аудитті міндетті түрде қолдану жағдайларын бекіту, аудиторлық қызметтің осы түрін жүзеге асыратын компанияларға қойылатын талаптарды бекіту, экологиялық аудитті жүзеге асыру тәртібін, аудиторлық компанияның және экологиялық аудит жүзеге асырылатын тұлғаның құқықтары мен міндеттерін ашу қажет. Экологиялық аудит экологиялық шараларды таңдауда және экологиялық саясаттың экономикалық құралдарының тиімділігін арттыруда пайдаланылуы мүмкін. Бұл біздің елімізде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-әрекеттерге тап болған үлкен қиындықтар мен белгісіздіктерге қарамастан, экономикалық жағдай мен үнемі дағдарыстарға қарамастан, экологиялық аудит дамиды, өйткені бұл үшін барлық қажетті алғышарттар бар. Және бұл жерде экологиялық аудит қосымша қаржылық салымсыз қоршаған табиғи ортаны қорғауды басқаруды күшейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан мемлекет экологиялық аудитті дамытуға мүдделі. Жасыл экономиканы дамыту және табиғат қорғау іс-шараларына назар аударудың күшеюі Еуразия Ұлттық Университетінде экологиялық аудит туралы дәрістердің оқытылып жүргені дәлел.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің Палата арқылы экологиялық аудитті реттеуге қатысты талаптарын сөзсіз сақтау аудиттің тиімділігі мен сапасын арттырады, экологиялық аудиторлардың кәсіби деңгейінің өсуін және орындалған аудиторлық жұмыстардың тізілімін жүргізуді қамтамасыз етеді деп санаймыз.[5]

Табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметін басқарудың экономикалық тетігі ретінде Қазақстанда экологиялық аудитті кеңінен енгізу халықаралық тәжірибеге және үйлестірілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін жалпы қабылданған тәжірибеге айналады деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-12/nazvany-samye-zagryaznennye-regiony-strany>
2. "Экологический менеджмент предприятия" Белов Г. В. - Москва, "Логос" 2006 ж.
3. "Экологический контроль: теория, практика правового регулирования" Голиченков А. К - Москва, 1992.
4. Environmental Audit for Environmental Improvement and Protection - https://www.researchgate.net/publication/322718528_Environmental_Audit_for_Environmental_Improvement_and_Protection

5.Экологический аудит в Республике
http://ecocourier.kz/about/news_post/ekologicheskij-audit-v-respublike-kazahstan

Казахстан